

Қазақстан Республикасы Президенті актілерін орындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 17 ақпандағы N 64-р Өкімі

Мемлекеттік басқару органдары басшылары мен лауазымды адамдарының Президенттің актілерін, Үкіметтің шешімдерін және Қазақстан Республикасы Басшылығының тапсырмаларын сөзсіз орындаудағы жауапкершілігін арттыру мақсатында:

1. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері өздерінің бірінші орынбасарларына Президент актілерінің, Министрлер Кабинетінің шешімдері мен Қазақстан Республикасы Басшылығының тапсырмаларын орындаудың жай-күйі үшін тікелей жауапкершілік міндетін жүктейтін болсын.

2. Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлімдері, министрліктер мен ведомстволар Президент актілерінің жобасын дайындаған кезде сонымен бір мезгілде нақты мерзімі мен орындалуына жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып, оларды жүзеге асыру жөніндегі Үкімет шешімінің жобасын дайындауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларын жүзеге асыру жөніндегі өз құжаттарын оларды алғаннан кейін бір апта мерзімде бекітсін.

3. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері алқаның әрбір мәжілісіндегі мәселелердің бірінде Президент актілері мен Үкімет шешімдерін жүзеге асырудың барысын талқылайтын болсын, директивті органдардың шешімдерін орындауды қамтамасыз етпейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің, аудандар мен қалалардың басшыларына, оларды лауазымынан босатуға дейін баратын талап қою күшейтілсін.

4. Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы 1995 жылғы екінші тоқсанда Іс Басқармасы бөлімдерінің, министрліктер мен ведомстволардың орындаушылық тәртібінің жай-күйі туралы мәселені Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Төралқасының талқылауына енгізетін болсын.

Министрлер Кабинетінің, Министрлер Кабинеті Төралқасының мәжілістерінде және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің тиісті орынбасарларында негізгі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси бағыттар бойынша мемлекет Басшысының актілерін орындау туралы мемлекеттік басқару органдары басшыларының ай сайын есеп беруі мұнан былай да дағдыға айналдырылсын.

5. Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Жалпы бөлімі Қазақстан Республикасының Премьер-министріне Министрлер Кабинеті мен оның Төралқасының

мәжілістерінде аталған тапсырмаларды орындаудың жай-күйі туралы, сондай-ақ келіп түскен корреспонденциялар жөнінде апта сайын баяндап отыратын болсын.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау Министрлер Кабинетінің Іс Басқарушысы
С . Ж . Ә б і ш е в к е жүктелсін .

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ